

**Шымкент қаласы білім басқармасының политехникалық колледжі
«Химия-технологиялық» бөлімінің кезекті отырысының**

№11 ХАТТАМАСЫ

Қатысқандар саны: 15
Өткізілген уақыты: 05.02.2025ж
Өткізілген орны: 119 каб

Күн тәртібінде:

1. Студенттердің сабаққа қатысуы.
2. Топтармен тығыз жұмыс жасау.
3. Сабақтан себепсіз қалатын студенттермен, ата – анасымен жұмыс.
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес.

Сөз сөйледі:

Бөлім меңгерушісі А.Бегжанов сөз алып, бірінші мәселе бойынша студенттер саны, сабаққа қатысу 100% түгел қатысу керектігі айтылды. Денсаулығына және отбасылық жағдайлармен сұранған студенттердің өтінішін, медициналық анықтамаларды уақытымен қабылдап бөлім меңгерушісіне өткізуді ескерте кетті.

Колледждің ішкі тәртіп ережесі бойынша студенттердің форма мәселесі классикалық үлгіде болуын, күнделікті магниттік карточканы қолдануды қадағалау, колледж айналасында немесе колледжде тазалық сақтау туралы күнделікті айтып отыру керектігін топ тәлімгерлеріне қадағалауды тапсырды. Оқу өндірістік-техникалық тәжірибедегі топтар студенттері, ол студенттермен де ата-анасы арқылы хабарласып тұруды ескертті.

Студенттердің сабаққа қатысуы жөнінде ата – аналармен байланыста болып студенттердің сабақтан себепсіз қалмауын қадағалауды тапсырды. Топ жетекшілері студенттермен тығыз байланыста болып үнемі техника қауіпсіздік ережелерін ескерте жүруін айта кетті.

Келесі мәселе бойынша себепсіз сабақтан студенттер қалған жағдайда топ жетекшісі тікелей ата – анасымен хабарласып байланыста болу керектігін айтты.

Колледждің ішкі тәртіп ережесі бойынша сабақтан себепсіз қалмау, кешікпеу күнделікті айтып түсіндірме жұмыстарын жүргізіп отыруды еске түсіре кетті.

Форма мәселесі бойынша колледждің ішкі тәртіп ережесіне байланысты барлығының біркелкі киім үлгісінде болуын топ жетекшілеріне тапсырды.

Сонымен қатар, Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу мақсатында Колледж ішінде түрлі себептермен кез-келген мерекелік іс – шараларға, мекемеге қажетті кеңсе заттарымен шаршауашылық заттарын сатып алу және тағы басқа мақсатта ата – аналардан, ата – аналар комитеті атынан сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мәселесі қатаң түрде тиым салынуы жөнінде түсіндірді.

Хатшы:

Бөлім меңгерушісі:



А.Айнаходжаева

А. Бегжанов